



Келелі кеңес өтті

Биыл қазақтың аса көрнекті ақыны, Алаш арысы Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай Арқалық қаласындағы № 2 ОӘФК-ның Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің ұйымдастыруымен аймақтық зерделі кеңес өткізілді.

Кеңестің мақсаты – ұлы тұлғаның әдеби, мәдени, қоғамдық-саяси мұрасын зерделеу, оқырмандарға оның еңбегін насихаттау және ұлт руханиятындағы орнын айқындай

да қатысушылар Міржақып Дулатұлының шығармашылығына қатысты баяндамалар жасап, оның «Оян қазақ!», «Бақытсыз Жамал», еңбектерінің әдеби және мәдени маңызын талқылады.

Зерделі кеңестің соңында Жангелді ОКЖ кітапханашысы В.Ч. Батырова, Амангелді ОКЖ библиографы А.Қ. Дубақірова, Арқалық қаласының ОКЖ кітапханашысы С.С.Тұрсынбек, № 2 ОӘФК библиографы М.Ғ.Жұмағалиева, Е.Ж. Айтбаев, Е.Б. Қабдыбек сынды қызметкерлері М.Дулатұлының қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі зор мұрасын қамтитын мазмұнды баяндамалар оқып,

сәті ойнатылып, қызмет бөлімдері келген қонақтарға тұрақты көрмелерін көрсетіп, экскурсия жасады. Сондай-ақ, ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі қоғам қайраткерінің шығармалары жинақталған папкалардағы материалдарды кеңес қонақтарына таныстырып, бөлімдегі атқарылып жатқан жұмыстар жайлы айтылды.

Қатысушыларға кәсіби біліктілігін танытқаны үшін алғыс хаттар табысталды. Шара соңында әріптестерге қойылған сауалнамаға жауап беру арқылы өз пікірлерін айтып, тәжірибе алмасып, Міржақып мұрасын бүгінгі тәуелсіз жастарға үлгі ете отырып, оны жан-жақты зерттеуді жалғастыру қажет екенін атап өтті.

дағы орнын айқындай түсу болды. Шараға Амангелді, Жангелдин, Арқалық қаласының ОКЖ кітапхана қызметкерлері және Арқалық қаласындағы білім беру мекемелерінің кітапханашылары мен қатысты.

Кеңес барысын-

«Қазақ рухын оятқан тұлға» атты кітап көрмесі таныстырылды.

Заманауи безендірілген кітап көрмесінің көрінісі де кеңестің мазмұнын байыта түсті. Сонымен қатар, «Әрқашан бірге, жақсы көңіл күйде» тақырыбында сергіту

Бұл зерделі кеңес – Міржақып Дулатұлына деген құрмет қана емес, ұлт руханиятын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам болды.

**Жұлдыз
ӘБЖАҢОВА,
№ 2 ОӘҒК**